



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

18.01.2023 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары – Сауда және  
интеграция министрі  
С. М. Жұманғаринге**

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

### Құрметті Серік Мақашұлы!

Отандық бау-бақша шаруашылығында жинақталған проблемалар біздің депутаттық сауалымызға негіз болып отыр.

Соңғы жылдары оңтүстіктегі бау-бақша шаруашылығына үлкен мән берілуде. Өңірдің табиғи-климаттық жағдайлары тамаша бақша өсіруге, Қазақстан халқының қажеттілігін жемістермен толық қамтамасыз етуге, ал артығын – экспорттауға мүмкіндік береді. Түркістан облысындағы бау-бақша 17,7 мың гектарды құрайды, оның 4,7 мың гектары – қарқынды алма бақтары, бұл жалпы еліміз бойынша бау-бақша алаңының 43% құрап отыр.

«Балығы болмаған көл құрысын, Киігі болмаған шөл құрысын» - демекші, Қазақстанда өткен жылы алма ағаштары жақсы өнім берді, алайда оның басым бөлігін өткізуге қатысты үлкен проблемалар болып, ағаш басында жиналмай қалып қойды.

Негізгі мәселе - сауда желілері мен делдалдар ұсынатын сатып алу бағаларының төмендігі. Бір килограммы 100-150 теңге. Сондықтан, бақшаның бір бөлігін жинау экономикалық тұрғыдан тиімсіз, өйткені шығындар болжамды кірістен асып түседі.

Бақшаның бір бөлігін, Беларуське немесе Ресейге экспортқа жіберу осы тығырықтан шығу жолы болуы мүмкін. Еуразиялық экономикалық одақ бойынша солтүстік көршілер тарапынан жемістерге сұраныс бар және олар бір килограмға ең аз дегенде 300 теңге төлеуге дайын. Бірақ мұнда Қазақстанның жеміс саласының тағы бір проблемасы – дайындау және өткізу жүйесінің болмауы жемісті тиіп-жөнелтуге айтарлықтай кедергілер бар.

Ал ішкі нарықтағы алма өндірушілер сауда желілері артықшылық беретін импорттық өнімдермен бәсекелесуі керек.

Нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірушілері бақша егуге және күтіп ұстауға үлкен қаражат жұмсады және өсірілген дайын өнімді полигонға тастауға тура келетін жоғарыда аталған жағдайларға тап болып отыр.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып келесі шараларды қабылдауыңызды сұраймыз:

**Бірінші.** Алма экспортына жағдай жасау. Қазақстандағы көтерме-бөлу база орталықтары желісінің даму барысы туралы ақпарат беру. Экспорттық өнімді салқындату, сұрыптау және орау үшін жағдай жасауды;

**Екінші.** Сауда желілерінің сөрелерінде отандық өнімге басымдық беру мәселесін пысықтау. БІнталандыру шараларын қамтамасыз етуді;

**Үшінші.** Ірі қалаларда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өз өнімдерін делдалдарсыз тікелей сата алатын көтерме сауда нүктелерін қамтамасыз етуді;

**Төртінші.** Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуға арналған барлық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілер үшін Интернеттегі электрондық сауда алаңын іске қосуды (осыған ұқсас алаң көрші елдерде – Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстанда бар) және депутаттық сауалға заң талаптарына сәйкес жазбаша жауап беруді сұраймыз.

**Құрметпен,  
«АМАНАТ» партиясы  
Фракциясының мүшелері**

**Ф. Қаратаев  
Қ. Абасов  
Қ. Ержан  
М. Елюбаев  
С. Ақышев**

**Қазақстан халқы  
Ассамблеясынан сайланған  
депутаттар**

**В. Набиев  
А. Амирханян**

*Орын: Әуенов Ө.Ө.  
Тел: 746356*